

Г.Г. Жусупбекова¹ , Д.К. Бисенова^{2*} 

«Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ,
Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы¹
Динара Каиргожаның жетекшілігіндегі вокал студиясы,
Көкшетау, 020000, Қазақстан Республикасы²
*e-mail: uk.gulsara74@mail.ru

КІШІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ВОКАЛДЫҚ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Андатпа

Мақалада кіші мектеп оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, музыкалық студияда вокалдық дағдыларды қалыптастырудың теориялық аспектілері келтірілген. Музыкалық білім кіші мектеп жасындағы балалардың музыкалық мәдениеті мен жеке дамуының үйлесімділігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Зерттеудің негізгі мақсаты – музыкалық білім берудің психологиялық-педагогикалық принциптері негізінде музыкалық мәдениет пен ән айту өнеріне баулу процесінде кіші мектеп оқушыларының вокалдық дағдыларын қалыптастыру мәселесін зерттеу, оның нәтижелері мақаланың мазмұнында ұсынылған. Зерттеу аясында қосымша білім беру жағдайында кіші мектеп оқушыларының вокалдық дағдыларын қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздеріне талдау жүргізілді, ҚР-да және шетелде музыкалық білім берудің қазіргі тенденцияларына сәйкес балалардың вокалдық шығармашылығын дамытудың теориялық негіздері айқындалды.

Кіші мектеп жасындағы балалардың вокалдық дағдыларын қалыптастыру тәжірибесі 6-10 жастағы балаларда анықталған психологиялық-педагогикалық ерекшеліктер негізінде құрастырылған және музыкалық жаттығулардың авторлық кешенінің музыкалық студиясында вокалдық дағдыларды дамыту процесінде іске асырылған, вокалдық дағдылардың қалыптасуын бағалау критерийлері бар мысалмен келтірілген.

Зерттеу нәтижелері музыкалық студияда арнайы әзірленген музыкалық жаттығуларды қолдану арқылы кіші мектеп оқушыларының вокалдық дағдыларын жақсартуға ықпал ететінін көрсетеді. Эксперименттік деректер оқу процесі барысында балалардың вокалдық қабілеттерін айтарлықтай арттырғанын көрсетті. Сонымен қатар, оқушылардың оқу мотивациясының жоғары деңгейі байқалды, бұл олардың сабақтарға белсене қатысуы мен вокал саласында өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысымен расталады.

Негізгі сөздер: музыкалық білім, вокалды оқыту, вокалдық дағдыла, кіші мектеп жасы, вокалдық шығармашылық, шығармашылық қабілеттер, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.

Кіріспе

Кіші мектеп жасы жеке тұлғаның танымдық процестері дамуының сензитивті кезеңі болып табылады. Музыкалық білім бала тұлғасының ақыл-ойының дамуына, өнерді қабылдау арқылы эмоционалды және эстетикалық дамуына тікелей ықпал етеді. Сұлулықпен, өнермен таныстыру оның өзіндік тұлғалық ерекшеліктеріне, эмоционалды ерекшеліктеріне, сезімдеріне сәйкес жүргізіледі.

Кіші мектеп оқушыларында вокалдық дағдыларды қалыптастыру олардың дамуының маңызды кезеңі болып табылады, ол ерекше назар мен көзқарасты қажет етеді. Міне, осы процестің бірнеше негізгі психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері:

1. Ойын тәсілі: кіші мектеп оқушылары көбінесе ойын және ойын-сауық арқылы жақсы үйренеді. Сондықтан вокалды оқытуда ойындарды, әндерді және басқа да ойын-сауық әдістерін қолдану өте тиімді болуы мүмкін.

2. Еліктеу: бұл жастағы балалар көбінесе дыбыстар мен мінез-құлыққа еліктейді, сондықтан дұрыс вокалды айтылым мен техниканы модельдеу өте маңызды. Тәрбиеші жақсы үлгі болуы керек.

3. Көрнекілік: балаларға дауысының қалай жұмыс істейтінін және ән айту кезінде қандай бұлшықеттер қатысатынын көрсету үшін сызбалар немесе диаграммалар сияқты көрнекі материалдарды пайдалану оларға процесті жақсырақ түсінуге және дауыстарын басқаруға көмектеседі.

4. Жеке тәсіл: әр баланың жеке ерекшеліктерінің әртүрлілігін ескере отырып, вокалды оқытуға олардың темпераментін, моторикасын және психоэмоционалды ерекшеліктерін ескере отырып, жеке қарау маңызды.

5. Позитивті күшейту: мұғалімнің жігерлендіруі мен қолдауы балаларды вокалдық дағдыларын дамытуға ынталандыруда шешуші рөл атқарады. Күш-жігерді мақтау, егер олар керемет нәтижеге әкелмесе де, балаларды одан әрі күш салуға ынталандырады.

6. Біртіндеп даму: вокалдық дағдылар біртіндеп дамиды. Қарапайым тыныс алу жаттығуларынан, мимикалық-лабиальды гимнастикадан және қарапайым әуендерден бастау керек, біртіндеп күрделі әндер мен әдістерге көшу керек.

7. Шыдамдылық пен қолдау: оқу процесінде қиындықтар мен сәтсіздіктер болуы мүмкін.

Осы ерекшеліктерді ескере отырып және тиісті оқыту әдістерін қолдана отырып, мұғалімдер кіші жастағы оқушыларға вокалдық дағдыларын дамытуға тиімді көмектесе алады.

6-10 жастағы балаларға вокалды оқыту дауысты дұрыс қоюды талап етеді, себебі бұл процесс бүкіл организмнің қызмет етуіне айтарлықтай әсер етеді, өйткені ән айту – тікелей тыныс алумен жұмыс істеу шеберлігі, ал дұрыс тыныс алу – бұл ән айту процесінің физиологиялық та, психологиялық та құраушылары: адамның барлық ішкі мүшелерінің бірлескен келісті жұмысы, дауыстың әсем дыбысы, музыка ырғағын түсіну, әннің мағыналы сөзі, көркем бейнелердің берілуі, жас орындаушының жанды эмоционалдық күйі, вокалдық дағдылардың дамуы [1].

1-4 сыныптарға арналған «Музыка» оқу пәнінің қазақстандық Үлгілік оқу бағдарламасында оның негізгі мақсаты «оқушылардың негізгі білім мен дағдыларды меңгеруі, музыкалық іс-әрекетте шығармашылық тұрғыда өзін-өзі таныту және қарым-қатынас жасау әдістері, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің адамгершілік-эстетикалық құндылықтары туралы түсініктерді қалыптастыру, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту» екендігін атап өткен жөн [2]. Кіші мектеп оқушысының музыкалық іс-әрекеттің әр алуан түрлеріне қатысуы (ән айту, аспапта ойнау, тыңдау, музыкалық-ырғақты іс-әрекет және т.б.) музыкалық мәдениетінің, көркемдік-эстетикалық талғамының, шығармашылық ойлауының, қиялының дамуына ықпал етеді, өйткені музыкалық тәрбие музыкалық педагогика саласындағы ғылыми зерттеулерге, мектептегі және мектептен тыс музыканы оқыту тәжірибесіне сүйене отырып қосымша білім беру жағдайында баланың эмоционалды-эстетикалық және психикалық дамуына тиімді әсер етеді [3]. Сонымен бірге мектептегі білім берудің бастапқы саты ретіндегі рөлін асыра бағалау қиын, өйткені дәл осы даму кезеңінде музыкаға деген қызығушылық пен алғашқы музыкалық дағдылар қалыптасады [4].

Мақсатқа сүйене отырып зерттеудің келесі міндеттері анықталды:

1. Кіші мектеп оқушыларының вокалдық дағдыларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері мен принциптерін анықтау;

2. Кіші мектеп оқушыларының вокалдық дағдыларын қалыптастыру бойынша қолданыстағы әдістемелерді талдау;

3. Авторлық бағдарлама негізінде кіші мектеп оқушыларының вокалдық дағдыларын дамыту бойынша практикалық жұмыс тәжірибесін сипаттау.

Вокалдық дағдыларды дамыту мәселесін зерттеу музыкалық білім беру жүйесіндегі қазақстандық және шетелдік өнертанушылар мен педагог-практиктердің теориялық еңбектерінде ұсынылған ғылыми түсініктемелерді талдау кезінде нақтылауды талап ететін

ән айту өнері, вокалды оқыту, вокалдық дағдылар, вокалдық-орындаушылық мәдениет сияқты ұғымдарға негізделген:

- ән айту өнері – бұл дауыс дыбыстарындағы көңіл-күйдің көрінісі. Ән салу өнері дамып, кейіннен дұрыс және табиғи дауыс шығару мен дауысты техникалық дамытуды қажет ететін айрықша өнер нысанына айналуға (Ю.Б.Алиев, Т.Л. Беркман, Н.А. Ветлугина, А.Н. Зиминая, т.б.);

- вокалды оқыту орындаушының дауыстық мүмкіндіктерін ашуға, дұрыс тыныс алуға және оны басқаруды үйренуге, интонацияны, артикуляцияны жақсартуға және т.б. мүмкіндік беретін процесс; сонымен қатар, бұл музыкалық бейімді, музыканы түсінуді және орындаудың мәнерлілігін дамытудың тамаша мүмкіндігі (Е.И. Алмазов, И.И. Левидов, В.П. Морозов және т.б.);

- вокалдық дағды – бұл ән айту актінің құрамдас бөлігі болып табылатын әрекетті орындаудың жартылай автоматтандырылған тәсілі (практик мұғалімдер Л.Г. Дмитриева, В.В. Емельянов, А.Г. Менабени және т.б.)

- вокалдық-орындаушылық мәдениет-техникалық база, орындаушылық шеберлік және көркемдік тұтастыққа біріктірілген барлық музыкалық элементтер мен сапалық сипаттамалардың пропорционалдылығының жалпы көрінісі (вокал мұғалімдері, атап айтқанда Л.Б. Дмитриев, В.А. Багадуров, И.К. Назаренко, Г.П. Стулова және т.б.).

Зерттеу материалдары мен әдістері

Кіші мектеп жасындағылардың вокалдық дағдыларын қалыптастыру мәселесі бойынша жүйелілік тәсілі негізінде тиісті әдебиеттерге шолу жасалды. «Музыкалық білім», «ән салу өнері», «вокалды оқыту», «вокалдық дағдылар» және «кіші мектеп жасы» сияқты түйін сөздер бойынша Web of Science, Google Scholar, Scopus электрондық дерекқорларында және ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне кіретін журналдарда ауқымды іздеу жүргізілді.

Музыкалық қабілеттер мен сапаларды диагностикалау әдістерін таңдауда біз Рамиль Сүлейменовтің (Қазан қ., Ресей Федерациясы) еңбектерінде ұсынылған қазіргі психодиагностикада кең таралған нормативтілік принципін ескердік [5].

Музыкалық білім беру процесінде баланың үйлесімді тұлға ретінде дамуы туралы ғалымдардың психологиялық-педагогикалық еңбектері - зерттеудің жалпы теориялық-әдіснамалық негізі. Кіші мектеп оқушыларының вокалдық дағдыларын қалыптастыру үдерісін зерттеудің жалпы теориялық-әдіснамалық негіздеріне еліміздің және шетелдік педагогтардың психологиялық-педагогикалық еңбектері құрайды:

- музыкалық-сахналық іс-әрекеттің алуан түрлерін пайдалана отырып, музыкамен карапайым түрде әуестену қағидасы (Карл Орф);

- музыканы тыңдай білу арқылы баланы адамгершілік-эстетикалық тәрбиелеу қағидасы (Д. Кабалевский);

- музыка сабағында бастауыш мектеп оқушыларының интеллектуалдық дамуындағы пәнаралық байланыс қағидасы (А.А. Момбек [6], Т.У. Оспанова [7], Л.Т. Қалиақбарова, А.А. Қалдаяқова [8], К.А. Есдәулетова [9] т.б.);

- оқу-тәрбие үдерісінде балалардың музыкалық қабілеттерін бағалау қағидасы, оны құрайтын бес фактор – музыкалық толықтық, музыкалық байлық, даралық, эмоционалдылық және мәдениет (Хэ Цзян, Ку Винг Чонг, Ви Хо Тан) [10].

- Музыкалық білім беру балалардың физикалық, рухани және психикалық дамуының факторы ретіндегі тұжырымдамасы (Тимеа Шуч, Эрика Юхаш [11], Amanda Martin [12]).

Нәтижелер және оларды талқылау

Негізгі теориялық дереккөздерді талдау вокалдық дағдыларды қалыптастыру процесінде кіші мектеп оқушыларының музыкалық дамуының психологиялық-педагогикалық принциптері маңызды рөл атқаратынын көрсетті, бұл бастауыш мектеп жағдайында қосымша білім беру үдерісіне оқу-тақырыптық жоспардан, теориялық және

практикалық блоктардан, әдістемелік қамтамасыз етуден, жоспарланған нәтижеден тұратын авторлық бағдарламаны енгізу негізінде зерттеудің негізгі ережелерін практикалық растауды талап етті.

Вокалдық дағдыларды дамытуға арналған авторлық бағдарлама келесі алгоритмге негізделген:

- дұрыс сөйлеу тынысын дамыту, дикциямен жұмыс және т.б.
- дауыстың жоғары және динамикалық диапазонын орнату;
- музыкалық бейім мен эмоциялық қабылдағыштық, көркем қиялды дамыту;
- нақты репертуар таңдау арқылы оқушының дүниетанымы мен жалпыадамзаттық қасиеттерін кеңейту;
- музыкалық және көркемдік талғамды тәрбиелеу;
- келесі музыкалық жаттығулар жүйесі арқылы шығармашылық іс-әрекетке деген қажеттілікті, өз ойын жеткізе білуді дамыту.

Кіші мектеп оқушыларының вокалдық дағдыларын дамыту процесінде психологиялық-педагогикалық принциптерді қолданудың тиімділігін растау үшін 8-10 жас аралығындағы кіші мектептің 20 оқушысына вокалдық дағдыларды дамытудың авторлық бағдарламасын іске асыру бойынша эксперименттік жұмыс жүргізілді. Эксперимент шеңберінде сынып 2 кіші топқа бөлінді: бақылау және эксперименттік.

Эксперименттің анықтаушы кезеңінде тапсырмалар мен сұрақтар қолданылды, олардың мазмұны эксперименттік және бақылау тобы балаларының вокалдық-хор дағдыларының даму деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.

Бағдарлама авторы тәрбиелік мәні бар өзіндік мағыналық рөл атқаратын хор репертуарын таңдап алды, ол хор әрекеті шеңберінде оны игерудің нақты мүмкіндігіне сәйкес тандалды. Ән материалында қазақ және шетел классиктерінің шығармалары, халық музыкасы, заманауи ән авторларының репертуары болды.

Репертуарды ескере отырып, музыкалық студияға баратын кіші мектеп оқушыларының вокалдық әлеуетін қамтамасыз ететін эксперименттік жұмыстың кезеңдері анықталды.

Бірінші кезең мотивациялық сипатта болды және «Мен ән айтуды үйренемін» деп аталды. Оқытудың бұл кезеңінде оқушылар вокалдық техникалар мен әдістерді игерді.

«Менің дауысым» атты сабақтың екінші эмоционалды-интеллектуалды кезеңі жеке орындау тәсілімен жұмыс жасауды, вокалдық дағдыларды пайдалану бойынша іс-әрекеттерді меңгеруді көздеді.

Үшінші кезең – танымдық-шығармашылық: «Мен әншімін» – оқушылардың өзін-өзі таныту арқылы музыкалық шығармашылық процесіне баулу.

Бағдарлама авторы қазақтың халық музыкалық педагогикасының қазақ сахна өнерінің эстетикалық мәні мен интонациялық сипатымен айқындалған әдістерін қолданды: ойша ішкі ән салу әдісі, еліктеу әдісі, фонетикалық әдіс (дыбыстың анықтығы) т.б. [13].

Эксперименттің бақылау кезеңі оң динамиканың екі топшада да байқалатынын көрсетті, бірақ эксперименттік топшада сапалық жағынан жағдай айтарлықтай өзгерді, мұнда вокалдық дағдылардың дамуының жоғары деңгейі 57% (+27%), ал бақылау топшасының оң динамикасы 6% құрайды, бұл оқу жылы ішінде «Музыка» оқу пәні бойынша типтік оқу бағдарламасын меңгеру барысында вокалдық дағдыларды дамытудың жоғары деңгейінің көрсеткіші (38%) болып табылады (1-сурет).



Сурет 1 - Эксперимент кезеңіндегі эксперименттік және бақылау топшаларында вокалдық дағдылардың даму деңгейлері

Ескерту: Авторлық бағдарлама бастауыш мектеп жасындағы балаларды вокалға үйретуге арналған, Динара Қайырғожының жетекшілігімен Вокал студиясында әзірленіп, сынақтан өткен.

Зерттеудің эксперименттік кезеңінің нәтижелері келесі қорытындыларды тұжырымдауға мүмкіндік берді:

1. Кіші мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін ашуға қажетті вокалдық дағдыларды дамытудың тиімділігі мыналарға ықпал етеді:

- дыбыстың түзілуін, есту дағдыларын, артикуляцияны, әншілік тыныс алуды дамытуға арналған арнайы ойын-сауық жаттығулары түрінде оқушылардың вокалдық мәдениетінің музыкалық-интонациялық тәжірибесін жинақтауды қамтитын педагогикалық шарттар жиынтығы;

- өнермен қарым-қатынастың әртүрлі формаларын біріктіруде жүзеге асырылатын музыкалық-әншілік қызметті ұйымдастыру (музыкалық экспрессивтілік құралдарын пластикалық интонациялау және салу).

2. Кіші мектеп оқушыларының ән айту әрекетіне негізделген вокалдық дағдыларын дамытудың ұсынылып отырған авторлық бағдарламасы [14]:

- әртүрлі дауыс қимылдары: гаммалар, интервалдар, арпеджиолар көмегімен дауыс дағдыларын біртіндеп дамытуға ықпал ететін оқушылардың кезең-кезеңмен жүретін іс-әрекеті;

- тұтастық, синкретизм, көркемдік, даралау және саралау, оптимистік көзқарас қағидаттарында жүйеленген вокалдық дағдыларды дамытуға арналған жаттығулар жүйесі;

- кіші мектеп оқушыларының вокалдық дағдыларын дамытудың авторлық бағдарламасы негізінде оқушылардың музыкалық тәрбиесі бойынша үйірме/студия жұмысын ұйымдастыру.

Жоғарыда келтірілген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кіші мектеп оқушыларының вокалдық дағдыларын дамыту процесінің негізін қалаған психологиялық-педагогикалық

принциптер зерттеудің практикалық бөлімінде олардың тиімділігінің эксперименттік растауын тапты.

Эксперименттік жұмыс барысында алынған нәтижелер қосымша білім беру саласында жұмыс істейтін немесе ауылдық жерлерде (шағын орталықтар, шағын жинақты мектептер) үйірме жұмыстарын жүргізетін музыкалық білім беру мұғалімдеріне әдістемелік ұсыныстар әзірлеуге негіз бола алады [15].

Қорытынды

Вокал мұғалімі жұмысының маңызды құрамдас бөлігі кіші мектеп оқушысының жеке даралығы мен вокалдық қабілеттерін ескере отырып, оның шығармашылық әлеуетін барынша дамытуды қамтамасыз ету болып табылады. Вокалдық дағдыларды дамыту жұмысы барысында танымдық және коммуникативті дағдылар, эмоционалдық интеллект және орындаушылық мәдениеті дамиды. Әуендердің ерекше қайталанбас сұлулығы, елеулі эмоционалды жыр сөзі – соның барлығы балаларға адамдық сезімдерді үйретеді. Жинақталған тәжірибелердің бай әрі күрделі әлемін тануға мүмкіндік береді. Вокалдық дағды арқылы дауыс дамып қана қоймайды. Сонымен қоса, оқушы тұлғасын дамытып жетілдіруге байланысты тапсырмалар да өз шешімін табады. Оқушы бойында музыкаға эмоционалдық реакция қалыптасады. Соның нәтижесінде музыкалық қабылдау жетіліп, музыкаға деген қызығушылық дами түседі. Вокалдық дағдыны дамытудың негізі ән айту мен сөйлеу кезіндегі дауыс жолдарының функционалдық механизмдері түбегейлі өзгеріп ерекшеленеді.

Сонымен қатар, кіші мектеп оқушысының бойында жауапкершілік, өзін-өзі ұстау, еңбексүйгіштік, шыдамдылық, өзін-өзі бағалау сияқты тұлғалық қасиеттері дамиды, бұл тиісінше бастауыш білім беру бағдарламаларын меңгеру барысында жағымды психоэмоционалдық жағдайға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Клапаред Э. Психология ребенка и экспериментальная педагогика // Под ред. Д.Т.Кацарова. – М.: URSS, 2007. – 167 с.
2. Бастауыш білім беру деңгейіндегі 1-4 сыныптарға арналған «Музыка» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы [Электрондық ресурс] – URL: <https://uba.edu.kz/ru/metodology/4> (қаралу уақыты: 13.03.2024 ж.)
3. Хуан Фэн., Го Цзинюй., Чжан Сюэ., Қазіргі Қытайдағы музыкалық педагогика және музыкалық білім: негізгі сипаттамалар // Ғылыми әлеует: жас ғалымдардың еңбектері №2 2023 Б. 254-262.
4. Садик Озчелик, Насие Хардалач. Музыкалық білімнің музыкалық есту мен қабылдауға әсерін статистикалық өлшеу және нейрондық талдау (2011 тамыз, 38 Том, №8, 9517-9521 б.) [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0957417411001825> (қаралу уақыты: 13.03.2024 ж.)
5. Сүлейманов Р.Ф. Парактан оқу және музыкалық шығармаларды қабылдау процесіндегі психоэмоционалды күйлер // Халықаралық симпозиум материалдары. 1991. – Б. 296-305.
6. Момбек А.А. «Музыкалық білім беруді зерттеудің әдіснамалық тәсілдері» // Педагогика және психология, Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2015. №3 (24). – Б.50-58.
7. Оспанова Т.У. «Қазақстандық музыка ғылымының заманауи тенденциялары туралы» // Педагогика және психология, Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2016 ж. №4 (29). – Б.23-29.
8. Қалиакбарова Л.Т., Қалдаяқова А.А. «Музыка сабағындағы пәнаралық байланыс мәселесі оқушы интеллектін дамытудың тиімді әдісі ретінде» // «Мәдениетаралық өзара әрекеттесу жағдайында өнер және көркемдік білім» баспасы. Халықаралық ғылыми зерттеулер. Конференция, Ресей, Қазан, 2022. – Б.10-17.
9. Есдәулетова К.А. Хор сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру тұлғалық-бағдарлы оқыту принциптерін жүзеге асырудың шарты ретінде // Бүкілресейлік ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдары. Орынбор мемлекеттік университеті «Университет кешені аймақтық білім, ғылым және мәдениет орталығы ретінде». Ресей, Орынбор, 2019. – Б. 4234-4238.
10. He Jiang, Ku Wing Cheong, Wee Hoe Tan. Development and validation of a measure assessing children's creative practice ability in music, Thinking Skills and Creativity, Volume 51, 2024, 101446. Available at: - URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S1871187123002146> (accessed: 13.03.2024).

11. Tímea Szűcs., Erika Juhász. The Role of Music Education in Childhood. Acta Educationis Generalis Volume 13, 2023, Issue 2 DOI: 10.2478/atd-2023-0012 30 Available at: - URL: https://www.researchgate.net/publication/371523005_The_Role_of_Music_Education_in_Childhood (accessed: 13.03.2024).

12. Amanda Martin. The Importance of Music Education in Schools. [Электронды ресурc] – URL: <https://www.graduateprogram.org/blog/the-importance-of-music-education-in-schools/> (accessed: 13.03.2024).

13. Каиргожа Д. "Қазіргі білім берудегі вокалды оқытудың белсенді әдістері" әдістемелік хабарламасы. (27.10.2023) [Электрондық ресурс] – URL: [Методическое сообщение «активные методы обучения вокалу в современном образовании» \(multiurok.ru\)](https://multiurok.ru/metodicheskoe-soobsheniye-aktivnye-metody-obucheniya-vovalu-v-sovremenном-obrazovanii/) (accessed: 13.03.2024).

14. Бисенова Д.К. "Вокалдық-орындаушылық мәдениет феномені" //(27.10.2023 ж.), [Электрондық ресурс] – URL: [Тема "Феномен вокально-исполнительской культуры" \(infourok.ru\)](https://infourok.ru/tema-fenomen-voikalno-ispolnitel'skoy-kul'tury/) (қаралу уақыты: 13.03.2024 ж.)

15. Бисенова Д.К. «Авторлық вокалдық студия оқушыларының ән айту шеберлігін дамыту бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы» //(13.03.2024 ж.) [Электрондық ресурс] – URL: [Исследовательская работа по развитию певческих навыков у учащихся авторской студии вокала под руководством Динары Каиргожы \(infourok.ru\)](https://infourok.ru/issledovatel'skaya-rabota-po-razvitiyu-pevcheskikh-navykov-u-uchashixs-avtorskoy-studii-voкала-pod-rukovodstvom-dinarry-kairgozhy/) (қаралу уақыты 13.03.2024).

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ВОКАЛЬНЫХ НАВЫКОВ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА

Аннотация

В статье представлены теоретические аспекты формирования вокальных навыков в музыкальной студии с учетом психолого-педагогических особенностей младших школьников. Музыкальное образование играет важнейшую роль в формировании музыкальной культуры и гармонизации личностного развития детей младшего школьного возраста. Основная цель исследования, результаты которого представлены в содержании статьи – изучить проблему формирования вокальных навыков младших школьников в процессе приобщения к музыкальной культуре и искусству пения. В рамках исследования был проведен анализ концептуальных основ музыкального образования в условиях дополнительного образования, определены теоретические основы развития детского вокального творчества в соответствии с современными тенденциями музыкального образования в РК и за рубежом.

Опыт формирования вокальных навыков у детей младшего школьного возраста представлен на примере разработанного авторского комплекса музыкальных упражнений с критериями оценки сформированности вокальных навыков на основе выявленных психолого-педагогических особенностей детей 6-10 лет, реализованного в процессе развития вокальных навыков в музыкальной студии.

Результаты исследования показывают, что использование специально разработанных музыкальных упражнений в рамках музыкальной студии способствует улучшению вокальных навыков младших школьников. Экспериментальные данные показали, что в процессе обучения дети значительно повысили уровень развития своих вокальных способностей. Кроме того, была зафиксирована высокая мотивация учащихся к обучению, что подтверждается их активным участием в занятиях и стремлением к самосовершенствованию в области вокала.

Ключевые слова: музыкальное образование, обучение вокалу, вокальные навыки, вокальное творчество, творческие способности, младший школьный возраст, психолого-педагогические особенности.

PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL FEATURES OF FORMING VOCAL SKILLS OF YOUNGER SCHOOLCHILDREN

Abstract

The article presents the theoretical aspects of forming vocal skills in a music studio, taking into account the psychological and pedagogical characteristics of younger schoolchildren. Music education plays a crucial role in the formation of musical culture and the harmonization of the personal development of primary school children. The main purpose of the study is to study the problem of forming vocal skills of younger schoolchildren in the process of familiarization with musical culture and the art of singing. The present study has analyzed the conceptual foundations of music education in the conditions of additional education and determined the theoretical foundations of developing children's vocal creativity following modern trends in music education in the Republic of Kazakhstan and abroad.

The experience of vocal skills formation in primary school children is presented on the example of the author's developed set of musical exercises with criteria for assessing the formation of vocal skills based on the

identified psychological and pedagogical characteristics of children aged 6-10, implemented in the process of developing vocal skills in a music studio.

The results of the study show that the use of specially developed musical exercises in a music studio helps improve the vocal skills of elementary school students. Experimental data demonstrated a significant increase in the development of children's vocal abilities during the learning process. Additionally, a high level of motivation among the students was observed, which was confirmed by their active participation in lessons and their striving for self-improvement in the field of vocal performance.

Keywords: musical education, vocal training, vocal skills, vocal creativity, creative abilities, primary school age, psychological and pedagogical features.

REFERENCES

1. Klapared E. Psikhologiya rebenka i eksperimental'naya pedagogika [*Child psychology and experimental pedagogy*] // Pod red. D.T. Katsarova. – M.: URSS, 2007. – 167 p. [in Russian]
2. Bastauysh bilim beru dengeyindegі 1-4 synyptarga arналған «Muzyka» pәniniң ülgilik oku baғdarlaması [*Standard curriculum of the discipline "music" for grades 1-4 at the level of primary education*] Available at: - URL: <https://uba.edu.kz/ru/metodology/4> [in Kazakh] (accessed: 13.03.2024)
3. Xuan Fén., Go Czinýu., Çjan Syüe., Qazirgi Qytaydaғы muzykalıq pedagogika jáne muzykalıq bilim: negizgi sıpattamalar [*Music pedagogy and music education in modern China: main characteristics*] // Gylmiy áleuēt: jas ғalymdardıñ enbekteri №2 2023 B. 254-262. [in Kazakh]
4. Sadyk Özçelik, Nasiye Xardalaç. Muzykalıq bilimniñ muzykalıq estu men qabyldauğa әserin statistikalıq ölşeu jáne neyrondyq taldaу [*Statistical measurement and neural analysis of the impact of music education on musical hearing and perception*] (2011 tamız, 38 Tom, №8, 9517-9521 b.) Available at: - URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0957417411001825> [in Kazakh] (accessed: 13.03.2024).
5. Süleymanov R.F. Paraqtan oku jáne muzykalıq şıғarmalardı qabyldau prosesindegi psikhoemocionaldy küyler [*Psycho-emotional states in the process of reading from a sheet and perceiving musical works*] // Xalıqaralıq simpozium materialdarı. 1991. – P.296-305. [in Kazakh]
6. Mombek A.A. "Muzykalıq bilim berudi zertteudi әdisnamalıq tәsilderi" [*Methodological approaches to the study of music education*] // Pedagogika jáne psikhologiya, Abay atındaғы QazñPU. – 2015. №3 (24). – P.50-58. [in Kazakh]
7. Ospanova T.U. «Qazaqstandyq muzyka ғılımınıñ заманауы тенденциялары туралы» [*About modern trends in Kazakh music science*] // Pedagogika jáne psikhologiya, Abay atındaғы QazñPU. – 2016 j. №4 (29). – P.23-29. [in Kazakh]
8. Qaliakbarova L.T., Qaldayaqova A.A. «Muzyka sabagında pәnaralyq baғlanıs мәselesi oquşı intellektin damıtudıñ tiimdi әdisi retinde» // «Mәdenietaralyq özara әrekettesu jaғdayında öner jáne körkemdik bilim» baspasy. Xalıqaralıq ғılımı zertteuler. [*The problem of interdisciplinary communication in music lessons as an effective method for the development of student intelligence*] // publishing house "art and art education in the context of intercultural interaction". International scientific research] Konferenciya, Resey, Qazan, 2022. – P.10-17. [in Kazakh]
9. Esdәuletova K.A. Xor sabagında oquşılardıñ tanımdıq belsendiligin qalıptasturu turlıq-baғdarlı oqıtı printsipterin jüzeye asırudıñ şartı retinde // Bükilresylik ғılımı-әdistemelik konferenciyasınıñ materialdarı. Orınbor memlekettik universiteti «Universitet keşeni aymaqtıq bilim, ғılım jáne мәdienet ortalıǵı retinde» [*The formation of cognitive activity of students in a choral lesson as a condition for the implementation of the principles of personality-oriented learning*] // materials of the all-Russian scientific and methodological conference. Orenburg State University "University complex as a regional center of Education, Science and culture" Resey, Orınbor, 2019. – P. 4234-4238. [in Kazakh]
10. He Jiang, Ku Wing Cheong, Wee Hoe Tan. Development and validation of a measure assessing children's creative practice ability in music, Thinking Skills and Creativity, Volume 51, 2024, 101446. Available at: - URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S1871187123002146> [in English] (accessed: 13.03.2024).
11. Tímea Szűcs., Erika Juhász. The Role of Music Education in Childhood. Acta Educationis Generalis Volume 13, 2023, Issue 2 DOI: 10.2478/atd-2023-0012 30 Available at: - URL: <https://www.researchgate.net/publication/371523005> The Role of Music Education in Childhood [in English] (accessed: 13.03.2024).
12. Amanda Martin. The Importance of Music Education in Schools. Available at: - URL: <https://www.graduateprogram.org/blog/the-importance-of-music-education-in-schools/> [in English] (accessed: 13.03.2024).
13. Kairgozha D. "Qazirgi bilim berudegi vokaldy oqıtıñ belsendi әdisteri" әdistemelik xabarlaması [*Methodological message" active methods of vocal training in modern education*] (27.10.2023 j.) Available at: - URL: Metodicheskoe soobshenie «aktivnye metody obucheniya vokalu v sovremennom obrazovanii» (multiurok.ru) [in Kazakh] (accessed 13.03.2024)

Kiіi mектеп оқушыларының вокалдық дағдыларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері

14. Bisenova D.K. "Vokaldyq-oryndaushylyq мәdeniet fenomeni" [The phenomenon of vocal and performing culture] // (27.10.2023 j.), Available at: - URL: "Fenomen vokalno-ispolnitelskoy kultury" [in Kazakh] (accessed: 13.03.2024).

15. Bisenova D.K. «Avtoryq vokaldyq studiyası оқушılarınıñ әn aytu шеберлігінi дамыту бойынша ғілімi-zertтеu жұмысı» [Research work on the development of singing skills of students of the author's vocal studio] // (13.03.2024) Available at: - URL: Issledovatel'skaya rabota po razvitiyu pevcheskikh navykov u uchaŝikhnya avtorskoy studii vokala pod rukovodstvom Dinara Kairgozhy [in Kazakh] (accessed 13.04.2024).

Information about authors:

Bisenova Dinara – **corresponding author**, director, Vocal studio under the leadership of Dinara Kairgozha, Kokshetau, The Republic of Kazakhstan.

E-mail: d.kairgoja@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-7111-7785>

Zhussupbekova Gulsara – PhD, Associate Professor of the Department of Social and Age Pedagogy, Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, The Republic of Kazakhstan.

E-mail: uk.gulsara74@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8922-7417>

Информация об авторах:

Бисенова Динара – **основной автор**, директор, Студия вокала под руководством Динары Каиргожа, г. Кокшетау, Республика Казахстан.

E-mail: d.kairgoja@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-7111-7785>

Жусупбекова Гульсара – PhD, ассоциированный профессор кафедры Социальной и возрастной педагогики, Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, Республика Казахстан.

E-mail: uk.gulsara74@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8922-7417>

Авторлар туралы ақпарат:

Бисенова Динара – **негізгі автор**, директор, Динара Каиргожа басшылығының астындағы вокал студиясы, Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы.

E-mail: d.kairgoja@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-7111-7785>

Жусупбекова Гульсара – PhD, Әлеуметтік және жасерекшелік педагогикасы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: uk.gulsara74@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8922-7417>